

Профессор А.К. Киклевичтың дәрісі

2016 жылдың 8 желтоқсаны күні филология және көптілді білім беру институтында Олыштындағы (Польша) Варминск-Мазурск университетінің профессорының тақырыптық дәрісі өтті. Дәріс қазіргі заман ғылымындағы әлеуметтік білім мен кей парадигмалардың үстемдігінің себебі тақырыбында өтті. Польшаның ғалымы өзінің әлеуметтік және библиометриялық зерттеулерінің нәтижесінде қазіргі таңдағы лингвистикадағы авангардты ғылыми парадигманың үстемдігіне қатысты асыра айтылғандығын айтты. Профессордың қозғаған тақырыбы аясында пікірталас өрбіп, қазақстандық лингвист профессорлар М.Ш. Мусатаева, М.Р. Кондубаева мен доцент М.К. Абаева сұрақтарына Александр Константинович Киклевич қуан-қуана жауап берді. Шетелдік профессор жылы шырай танытып қарсы алған университетімізге алғысын білдірді. Дәріске кафедраның барлық курс студенттері, магистранттары, докторанттары мен оқытушы қатысты.

